



***2021-2022 оқу жылында 11 - сынып білім
алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу ерекшеліктері***



Қорытынды аттестаттау – білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім

Білім алушылар қорытынды аттестаттауды ***бес емтихан*** түрінде, оның ішінде ***біреуін таңдау*** бойынша тапсырады

Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімі Министрліктің «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын аяқтау туралы» бұйрығымен анықталады

Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары

- 1) ана тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан
- 2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан
- 3) Қазақстан тарихы пәнінен тестілеу
- 4) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу
- 5) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу



***Қазақстан тарихы, орыс тілі және таңдау пәнінен (1 пән)
тестілеу***

- ***Әр пәнге 80 минут уақыт беріледі;***
- ***Тест тапсырмаларын ҰТО әзірлейді;***
- ***Тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауабы бар 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауабы бар 5 тест тапсырмасы, ашық түрде қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін 3 тест тапсырмасы.***
- ***Барлық тест бойынша жиналатын жоғары балл – 30;***